

"Облыстық және аудандық бюджеттер, облыстық маңызы бар қала бюджеті арасындағы 2023-2025 жылдарға арналған жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі туралы" Қызылорда облыстық мәслихатының 2022 жылғы 13 желтоқсандағы № 154 шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Қызылорда облыстық мәслихатының 2023 жылғы 27 қазандағы № 52 шешімі

"Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі" Қазақстан Республикасы Кодексінің 45-бабының 4-тармағына сәйкес Қызылорда облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Облыстық және аудандық бюджеттер, облыстық маңызы бар қала бюджеті арасындағы 2023-2025 жылдарға арналған жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі туралы" Қызылорда облыстық мәслихатының 2022 жылғы 13 желтоқсандағы № 154 шешіміне мынадай өзгеріс енгізілсін:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес "Халық қатысатын бюджет" жобасын іске асыруға бағытталатын бюджет қаражатының ең төмен көлемі ескерілсін."; аталған шешімнің 1, 2-қосымшалары алып тасталсын.

2. Осы шешім 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі және 2026 жылдың 1 қаңтарына дейін қолданылады.

Қызылорда облыстық мәслихатының төрағасы

Н. Байқадамов

Қызылорда облыстық мәслихатының
2023 жылғы "27" қазандағы
№ 52 шешіміне қосымша
Қызылорда облыстық мәслихатының
2022 жылғы "13" желтоқсандағы
№ 154 шешіміне 3-қосымша

"Халық қатысатын бюджет" жобасын іске асыруға бағытталатын бюджет қаражатының ең төмен көлемі

мың теңге

№	Атауы	2023 жыл	2024 жыл	2025 жыл
1	Қызылорда қаласы	318 264,0	332 586,0	344 226,0
	Барлығы	318 264,0	332 586,0	344 226,0